

Тыл қажармандары

дарында облыстық және аудандық партия комитеттерінде әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімдер қайта құрылды. Осыған байланысты өндіріс орындарында, шахталар мен заводтарда, колхоз, совхоздарда — мекемелерде әйелдер советтері ұйымдастырылды.

Өзім сол қиын-қыстау отты жылдарда Қарағанды облыстық партия комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімнің меңгерушісі болып қызмет атқардым. Қазір Бүкілодақтық маңызы бар дербес пенсияамның. Ұлы Жеңістің 30 жылдық мерекесінде сол жылдарда облыс әйелдерінің тылдағы атқарған жанқиярлық ерлік еңбектерін еске алсақ артық болмас.

Қанды соғыстың алғашқы күнінен бастап даңқты бақтыр ұл-қыздарын майданға жіберген әйел-аналар майданға кеткендердің орнына

ты. Олар "Барлығы майдан үшін!", "Барлығы жеңіс үшін!" деген ұранмен еңбек етті. Кенші әйелдер Шәкен Мұқанова мен Күләй Құлжановалардың инициативасы-

лоотбойшы мамандығын меңгере бастады. Ал, жаңағы аты аталған екі жүздегер ла-

вага түскен алғашқы кездің өзінде жеті қат жер астынан жоспарлы 13,9 тоннаның орнына 18,5 тонна көмір өндіріп, оны қыр үстіне жөнелтті. Осындай ерлігі үшін Ш. Мұқанова Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. 1945 жылдың бірінші январында көмір өнеркәсібінің кәсіпорындарында 15 мың әйел жұмыс істеді. Соның ішінде 4.500 адам шахтаға түсіп еңбек етті.

Бассейнде навалоотбойшы әйелдердің 29 бригадасы құрылды. Ерлер атқаратын мамандықты еркін меңгерген аналар өндірістік жоспарды үнемі асыра орындап отырды. 26-бис. №№ 31, 49, 19-бис шахталарындағы Крюкова, Широждкова, Козлова, Соколовас-басқарған даңқты бригадалардың есімдері облыстан басқа жерлерге де әйгілі болды. <Казахугольразведка> тресінің забойшысы Боштаева, № 1 шахтаның токары Овцинова, Пархоменко атындағы заводтың жұмысшысы Борисовалар үнемі социалистік жарыстың көшін бастап отырды.

Соғыс жылдарында село әйелдері де екінді еңбектің үлгісін көрсетті. Тек бір ғана Тельман ауданының колхоздары мен совхоздарында 3.575 әйел жұмыс істеді. Олар егін егіп, қоғамдық малға жем-шөп дайындады. Астық, овоц жинап, мал санын арттыруға көп үлес қосты. Сауыншы Рә Сәтекова сүт өндіруде тапсырмасын 150 процент орындады. Егін орағы кезінде Осакаров ауданының "Заушмский" колхозының комбайншысы Мария Макарова өзінің күндік тапсырмасын бес есе орындап, әріптестеріне үлгі көрсетті. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Қай жерде еңбек етсе де әйелдер Отанымыз бен партияға қызмет етудің жарқын инегесін көрсетті. Олар облыстағы қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Абзал аналардың 1925-і денсаулық сақтау жүйесінде, 973-і қалалық өндірістік одақта жұмыс істеген әйелдер нава-

Партия мен үкіметіміз тыл қажармандары — қарағанды-

лық әйелдердің жарқын еңбектерін жоғары бағалады. 1944 жылы сентябрьде өндірістік көрсеткішті арттырғаны үшін 97 адам Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумының Указымен Грамоталармен наградталды. Ал, 15 адамның омырауына ордендер мен медальдар татылды. Көмір өнеркәсібіндегі 65 кеншіге социалистік жарыс үздігі деген белгі берілді.

Облыстағы және Қарағандыдағы абзал аналар соғыста қаза болғандардың балаларына қамқорлық көрсетуді бір минут те естен шығарған жоқ. 1943 жылы алдыңғы қатарлы өндіріс және колхозшы озат әйелдердің облыстық слетінде Киров атындағы шахтаның қыз-келіншектерінің бастамасы бойынша Сталин облысындағы Чистяково қаласындағы балалар үйіне қаржы жинау ұйғарылды. Мұны слетке қатысушылар бірауыздан мақұлдады. Қысқа мерзім ішінде Донбасс кеншілерінің балалары үшін бала-бақшалары мен яслилер салуға облыс әйелдері бір миллион 307 мың сом ақша жинап жөнелтті.

1914 жылы ноябрьде Сталин облыстық партия комитетінің шақыруы бойынша балалар үйінің ашылуына Қарағандыдан арнаулы делегация барды. Оның құрамында Киров атындағы шахтаның кеншісі Күләй Құлжанова, Горбачев атындағы шахтадағы әйелдер советінің председателі Пелагея Позднякова, Балқаш қаласындағы мыс қорыту заводындағы байтушы фабриканың флотаторшысы Клавдия Садина және осы жолдарды жазып отырған автор да бар еді. Бұл кездесу әсерлі жүрек тебірентерлік жағдайда өтті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында екінді еңбектің үлгісін көрсеткен әйел-аналардың, әйел-еңбекші жандардың ерлік істері мәңгі ұмытылмайды.

Фатима ДӘНЕНОВА, облыстық партия комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бұрынғы бөлім меңгерушісі.

Міне, сол отты жылдарда Украинаға барған делегация мүшелері.

СУРЕТТЕ (солдан оңға қарай): П. КОМАРОВА — Дальний парктегі балалар бақшасының "меңгерушісі. Ф. ДӘНЕНОВА — облыстық партия комитетінің қызметкері, П. ПОЗДНЯКОВА — Горбачев атындағы шахтадағы әйелдер советінің председателі, К. ҚҰЛЖАНОВА — Киров атындағы шахтаның кеншісі.

